

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 31 (883) 15 шілде 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЖАТ АТАУЛАРДАН АРЫЛУ КЕРЕК

Қызылжардан Көкшетауға келе жатқан үлкен жолдың бойындағы елді мекендердің атауы кіл орысша: «Трудовая Нива», «Чапаев», «Астраханка», «Рублевка», «Келлеровка», «Драгомировка», «Ивангород», «Обуховка», т.б. Алайда осы аталған ауылдардың бәрінің де жер мен суға қатысты қазақша атаулары (топонимдері) бар. Олар тіпті ескі карталарда да көрсетілген. Кезінде оны ешкім елемеген. Өйткені орыс патшалығының да, кеңестік саясаттың да түпкі көздеген мақсаты елді ғана емес, жерді де жаппай орыстандыру болған. Бұл саясат өзінің мақсатына жетті де. Әрине, бүгінгі саналы жұрт тәуелсіз еліміз бола тұра елді мекендердің атауы әлі күнге өзге тілде болғанына намыстанады, күйінеді. «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» дейді, жат атаулар естіген құлаққа түрпідей тиетіні белгілі. Шүкір, қазір еліміздегі қазақтардың үлесі 70 пайызға жетіп қалды. Сондықтан қазақстандық әрбір жасты еліміздің әр бұрышын сүйеге, әр бұтасына дейін күтіп, аялауға тәрбиелеу керек. Халқымыздың мақтаншына айналған ерлердің есімдерін ұлықтасақ, ежелгі ерліктің күйсі болған жерлер атауын жаңғыртсақ, жас ұрпақ соған қарап бой түзейді.

Әзірге жоғарыдағы атауларды өскелең қазақ жастары өз жерім, өз елім деп атауға құлқы соқпасы анық. Сол ауылдарға оңтүстік өңірлерден келіп жаңадан қоныстанып жатқан отбасылардың да арғы түйсігінде «қайда келдім?» деген сияқты алақөңілділік туары сөзсіз. Бір қызығы, осы жолдың бойындағы барлық атауға қарап, оның тек Кеңес Одағы жылдарында түскен ауылдар екенін көруге болады. Мәселен, Трудовая Нива, Чапаев, Астрахан, Ленинскийлер тың игеру жылдарынан кейін түскені кеңестік ұрандарынан көрініп тұр. Олар түскен қазіргі Аққайың ауданы бұрын Совет деп аталатын еді. Ал оған дейін Бейнетқор болған. Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов соғыстан кейін осы ауданның партия комитетіне басшы болып тағайындалған жылдарын еске алғанда онда негізінен қазақтар тұратынын айтады. Сол аудан тың көтеру жылдарында облыс орталығы – Петропавл қаласына жақын болғандықтан көшіп келушілер қаптап келіп, бөгде жұрттың үлесі күрт артып кетті. Жер, су атаулары да сол кезден бастап қатты өзгеріске ұшырады. Ауданда тіпті жалғыз ғана қазақ орта мектебі қалыпты...

Облыс аумағында патша заманындағы «Қасирет белдеуінің» («Новошумский») шекаралық белдеуін халық «Горькая линия» деп атап кеткен, қазақшағала солай аударылған бойына түскен деревнялар мен стансалардың бәрінің атауы христиан діні қайраткерлері және мерекелерінің атауымен аталған. Мысалы, қазақ әдебиетінің классиктері Сәбит, Ғабит пен Қазақстандағы орыс әдебиетінің көрнекті өкілі Иван Шуховтың ауылдарына апаратын Петропавл – Благовещенка трассасының өн бойындағы ауыл, селолар бүгінге дейін Покровка, Воскресеневка, Дубровное, Ново-Дубровное, Кладбинка, Сенжарка, Мирнолюбово, Пресновка, Траровка, Святоуховка, Благовещенка деп аталады. Осы трассаның бойында жалғыз ғана Әйімжан деген қазақ ауылы бар. Ал енді осы жолдармен келе жатқан адам өзінің Қазақстанда жүргеніне күмән келтірмеуі мүмкін емес. Айтып айтпай не керек, Петропавлдан Ресейдің Омбы, Қорған, Түмен облысына шығаратын үлкен жолдарының бойында да кілең басқа тілдегі атаулар самсап тұр. Осылардың бәрі болмаса да біраз бөлігін қазақшалау – міндет. Бұл – еліміздің қазіргі геосаяси жағдайының, қауіпсіздігі мен саяси-экономикалық мүдделерінің талабы. Соңғы екі жылда ауылдардағы 300-дей көшенің аты өзгертілді. Тағы 150-дей тіркелуге берілді. Енді осы жұмыстарды одан әрі жеделдету күн тәртібінде тұр.

Жуырда облыстық ономастикалық комиссияның төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Ғани Сақтағановтың қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Жанат Мұхамеджанов бастаған топ ономастикалық саясатты түсіндірмек болып жолға шықты. Біздің тобымызда Алматыдан арнайы келген «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, белгілі саясаткер Дос Көшім, облыстық мәдениет және тіл басқармасының бөлім бастығы Ернияз Сұлтанов және «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары Әнуар Тоқпан болды.

Ат басын алдымен Қызылжардан 30 шақырым жердегі Чапаев ауылына бұрдық. Бұл мекеннің «Ақбас» деген ежелгі атауы бар. Оның үстіне атауы идеологиялық тұрғыдан ескірген, большевиктердің қанды қасабын іске асырушы адамның атын алып тұр. Чапаевтың Қызылжар өңіріне еш қатысы жоқ, кезінде жаппай ұрандатудың қиқуымен беріле салған. Оның үстіне тәуелсіздік жылдарында ауыл атауын өзгерту мәселесі бірнеше рет қозғалған да екен. Қоныс аударушылар легі де мұнда біршама бар. Сондықтан шығар, ұнатпағандар болғанымен негізгі тұрғындар ауыл атын өзгертуге қарсы емес. Ауыл тұрғыны Жұмағали Қожахметов

ақсақал да біздің сөзімізді құптап, пікір білдірді. Бұрын парторг болып халық алдында сөйлеуге дағдыланған жан екен, оның сөзін тұрғындар ыждаһатпен тыңдады. Енді бастамашыл топ шығып, өзгертуді қолға алса, бұл ауылдың атын ауыстыру қиын болмас. Қоныс аударушылар қатарында еліміздің оңтүстігінен келген бір-екі жігіт те ауылға басқа атаудың берілгенін қалайтындарын айтты.

Чапаевтағы кездесуден шыққан біздің көтеріңкі көңілімізді Ленинское деген жолдан сәл қалтарыста жатқан ауылдың тұрғындары су сепкендей басты. Мұнда өзге ұлт өкілдері де көп тұрғандар екен, оның үстіне консервативті пиғылдары атойлап тұр. «Біз Лениннің атын да өзгертпейміз, ескерткішін де құлатпаймыз, өзіміз күтіп отырамыз», деп екіленді біреуі. «Осы ауыл атауын ауыстырудың не керегі бар, басқа шаруа жоқ па, қаншама әуре-сарсаң, қаншама шығын» деп ақылсынды екіншісі. Ономастиканың мемлекеттік тіл саясатының бір пұшпағы екенін, ол мемлекет мүддесіне қызмет етуі керектігін ешқайсы керек қылып тұрған жоқ. Тыңдағысы да келмейтін сыңай танытты. Осы ауылға бертін көшіп келген бір-екі қазақ қарсы сөйлемек болып еді, оларды да сөйлетеуге тырысты. Әбден баса-көктеп, басып-жаншып үйреніп қалған шовинистік пиғыл атойлап тұр. Әзірге бұларға сөз шығын қылуын өз артық сияқты. Осы өңірде туған Жансүгір батырдың есімін алған дұрыс болмас па еді деген ұсынысты да елеген жоқ. Қызылжар ауданынан шығып Аққайың ауданының аумағындағы Рублевка ауылында да болды. Бұл ауылға бұрын тіпті «Баянды» деген қазақ ауылын да қосқан екен. Ал жердің атауы әп-әдемі Ақсуат болыпты. Алайда оны көшіп келгендер керек қылып тұрған жоқ. Осында 40 жыл мұғалім болдым деген Ольга Махина деген әйел өзінің пікірін барынша сыйпайлықпен жеткізуге тырысса да ішкі ойы қазақ атауына қарсы екені аңғарылып тұр. Біздің мақсат – ауыл атауын қолма-қол өзгерту емес, сіздерге елдің ономастикалық саясатын түсіндіру ғана деген сөзімізді де кейбіреулер ұққысы келмеді. Қар-жы-лық шығындарды сылтауратқандар да көп болды. Ондай шығындар болмайтыны, тек деректер базасындағы ауыл аты ғана өзгертілетіні айтылды. Жалғыз шығын – ауылдың атауы көрсетілетін жолдағы көрсеткіштер жасатуға ғана кететіні, оны ауылдық округ әкімдігі жасататыны да айтылды.

Келесі тоқтаған елді мекен – Тайынша ауданының Келлеровка ауылы болды. Бұл кезінде осы аттас ауданның орталығы болған біршама үлкен ауыл, округтің орталығы. Қарамағына Келлер, Богатыров, Кременчук, Липовка деген ауылдар кіреді. Ауылдың негізін Волга бойынан 1905 жылдары Қазақ даласына көшіп келген неміс тұрғындар қалаған екен. Жаз бойы жүріп келіп, күз түсе бастағанда олар жерлеріне сала бастайды да қоныстың атауын да «Келлер» деп атапты. Оның қазақшасы «жертөле» деген сөз екен. Сондықтан қимай қалатын атау емес. Бізбен кездескен тұрғындар да әрі-сәрі халде екендіктерін көрсетті, не де болса өзгертпейміз деп табан тіреп тұрған адамдарды әйтеуір мұнда көрген жоқпыз. Есесіне ауданның «Драгомировка» деген ауылының тұрғындары қарсылықтарын айтып атойлап тұрды. Осы ауылдық округке Драгомировкадан басқа Ивангород, Любимовка, Обуховка деген үш ауыл қарайды екен, бәрі де үлкен жолдың бойында, халқының үлес салмағында қазақтар – 9, орыстар – 27, украиндар – 21, немістер – 19, қалғаны басқа ұлттардың өкілдері көрінеді. «Жаркөл» деген қазақ жеріне түссе де бізге Драгомиров деген генералдың жесірі шіркеу салдырып берген, ауыл соның есімімен аталған, өзгертпейміз деушілер көп болды. Өздері тіпті дайындалып келіпті, бірінің сөзін екіншісі қостап өрекіп бақты. Біздің мақсатымыз ауылдың атын ауыстыру емес дегенге де сенбей, қолма-қол қол жинап жатты.

Қызылжар, Аққайың, Тайынша, Ақжар аудандарының орыстұлдес ағайындар көп тұратын 8 ауылын қамтыған сапардағы оқиғаларды бір мақалада толық қамту мүмкін емес. Тек әйтеуір орысша атау алған ауылдардың бәрінің де ежелгі қазақы атауы болғанына көзіміз жетті. Мысалы, Чкалов ауылының жер аты Қарақоға, Ильичевканың тұрған жері Бесқарағай және т.б. аталады екен. «Тіпті қазақы жер атауы болмаса да біз ауылдар атын өзгертіп ұрпағымызға өз батырларымызды танытып, солардың ерлік, адамгершілік үлгісін өсіруіміз керек қой», деді Чкалов ауданының әкімі Сәкен Сәдуақасов өзінің сөзінде. Ильичевка қарайтын Амандық ауылдық округінің жаңа әкімі Болат Сағындықов та өзгертуге құлшынып тұр. Оның округіндегі қазақ тұрғындарының үлесі де басым. Тек осы уақытқа дейін қолға алынбағаны ескі әдеттен арылмай жүре бергенді кесірі сияқты.

Жақсыбай САМПАТ,
жазушы, журналист.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көмір тапшылығы мәселесі жоқ. Өңірде әсіресе, «Шұбаркөл» қатты отыны жоғары сұранысқа ие.

Теріскей тұрғындары қыс маусымында орта есеппен 400 мың тонна көмір тұтынады деген дерек бар. Көмір тұтынушылардың көпшілігі Шұбаркөл кен орнында шығарылатын қатты отынды сатып алады. Қазір көмір бағасы бірқалыпты. Мамандардың мәліметінше, облыста «Қаражыра», «Екібастұз», «Майқұба» көмірінің қоры жеткілікті. Бірақ оның сапасы көпшілік көңілінен шықпайды. Сондықтан «Шұбаркөл» көміріне сұраныс жоғары болып тұр. Әдетте, жаз-күз мезгілі жиын-терін жұмысының ерекше серпін алып, қыс маусымына дайындықтың қызатын шағы. Алайда «Қыс қамын жаз ойла», - дегенді ескере бермейтініміз де анық. Қыс түсіп, алғашқы аяздарда көмір іздейтін әдетіміз тағы бар. Арқаны кеңге салатынымыз соншалық, кейбір отбасылар қыстың аязында ұзын – сонар кезек күтіп, сонымен қатар бағаның да көтерілгені жанына батса да, осы бір жағдайға салғырт қарайтынымыз бар – ау. Бүгінгі таңда Тайынша қаласының көмір түсетін арнайы қоймаларында көмір бар. Бағасы да қолжетімді, яғни қымбат емес. Құрметті аудан тұрғындары, қаладағы көмір қоймаларымен байланысқа шығып, күн ашық, жер қарада қаһарлы қыстың жағдайын ойлап қойыңыздар! Күзге қарай көмірдің де, үйіңізге жеткізіп беретін көлік қызметінің де бағасының көтерілуін күтпей, өздеріңізге қажетті көмірді алып алсаңыздар болғаны. Көмір сатылатын барлық нүктелерде кезек жоқ, көмір күнде түсіп жатыр, - деген мәліметтерді сіздерге жеткізіп отырмыз, құрметті газет оқырмандары.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

БАЛАҒЫЗДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАЛАЙ ӨТІП ЖАТЫР...

Балаларымыз ойын-сауық мекемесіне де барады. Келушінің жасын сол мекеменің қызметкері анықтауы керек. Келушінің жасына қатысты қандай да бір күмән туындаған жағдайда қызметкер келушінің жасын жеке куәлігін көрсету арқылы дәлелдеуді талап етуге құқылы. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 132-бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Айыппұл мөлшері құқық бұзушының мәртебесіне байланысты болады. Сондай-ақ, құқық бұзушының бұрын осындай бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылғаны-тартылмағаны анықталып, айыппұл айлық есептік көрсеткіштің 30-дан 200-ге дейінгі мөлшерін құрайды.

Судағы төтенше жағдайлардың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамту мақсатында облыс аумағында «Су қоймаларындағы балалардың қауіпсіздігі» акциясы өткізілуде. Яғни, оны тонап, ұрып-соғуы немесе ол өзі қандай да бір құқық бұзушылық жасауы мүмкін. Заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз балалар мен жасөспірімдер ойын-сауық мекемелерінде тек сағат 22.00-ге дейін, ал көшеде сағат 23.00-ге дейін болуға рұқсат етіледі. Күндізгі уақытта кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар жасөспірімдер мен балалар арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында жол қозғалысы және көшедегі өзін-өзі ұстау ережелері бойынша кәмелетке толмағандар арасында алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында қаланың шағын аудандарында рейдтік іс-шаралар өткізеді. Сол кезде көп кемшіліктер анықталып жатады. Осы мәселеге көп көңіл аударайық! Балаларымыздың қауіпсіздігін сақтай білейік!

Жанаргүл Мұратқызы,
тілші.

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ БАРЛЫҚ ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

2020 жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы өзінің «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында елде өкілеттіктерін нақты бөле отырып, үш буынды модельді енгізуді тапсырды.

Үш буынды модель барлық дамыған елдерде қолданылады. Бұл модельде үш Байланыс қылмыстық процеске жауап береді: полиция, прокуратура және сот.

Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер нақты анықталған.

Қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу проблемаларын болдырмау мақсатында оны қабылдау алдында бүкіл ел бойынша іске асырылған пилоттық жоба өткізілді. Жоба аясында прокурордың негізгі іс жүргізу шешімдерін енгізу және келісу жүйесі сыналды. Үш буынды модельге көшу сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәсілдері мен прокурорлардың да, тергешілердің де ұйымдастырушылық тұрғыдан дағдыларын өзгертуді талап етеді.

Осыған байланысты, Бас прокуратура сотқа дейінгі тергеп-тексерудің барлық органдарымен бірлесіп, қылмыстық процестің толыққанды үш буынды моделіне кезең-кезеңімен көшуді бастады.

Қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді. Мәселен, 2020 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қылмыстық іс жүргізу кодексіне заңнамалық түзетулер заңды күшіне енген күні барлық тергеу және прокуратура органдары қылмыстық іс бойынша негізгі шешімдерді электрондық келісуге көшті.

Енді прокурорлар қылмыстық істер бойынша негізгі іс жүргізу шешімдерін келіседі және бекітеді.

Бұл қылмыстық процестің толыққанды үш буынды моделіне көшу кезеңі.

Үш буынды модель-бұл әртүрлі органдардың 3 негізгі тапсырманы орындауы:

1. қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, қатысы бар адамдарды анықтау, дәлелдемелерді жинау және бекіту – сотқа дейінгі тергеу органдары;
2. жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беру, Негізгі іс жүргізу шешімдерін қабылдау, сотта айып тағу және ұстау – прокуратура;
3. жаза тағайындау, тергеу әрекеттерін санкциялау және сотқа дейінгі тергеу органдары мен прокуратураның әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау – сот.

Мұндай шектеу негізсіз заңсыз шешімдерден қорғайтын құқық қорғау кедергілерін тудырады. Үш буынды жүйенің әр кезеңі іс сотқа кірмес бұрын өтуі керек сүзгі ретінде қызмет етеді.

Бұл қылмыстық істі ашық жүргізуге мүмкіндік береді. Азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы азайды, іс-әрекеттердің қайта саралануы қысқарды. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың тиімділігі артты, статистикалық деректермен айла-шарғы жасау фактілері жойылды.

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданының прокуратурасы.



Қара жамылып – қарызға батпайық

Бүгінде той-томалақ пен қатар топырақты өлім-де де ысырапшылдық белең алып барады. Дүниеден өткен адамды жөнелтудің өзі де әлі күнге көп жерде бәз баяғыша, аста-төк ысырапшылдықпен, жалған намысқа басқан даңғойлықпен атқарылып жүргенін көріп, естіп жүрміз.

Кейде жақынын ақтық сапарға шығару үшін, несие рәсімдеп, қарыз алып жататын жағдайларда жоқ емес. Осы ретте қазақ “Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады” деп тегін айтпаса керекті.

Осы ретте Абай облысының орталығы Семей шаһарында зиялы қауым, ақсақалдар, имам, дін қызметкерлерінің қатысуымен мұсылманша жерлеу, және ас беру мәдениетін қалыптастыру жайында кеңейтілген отырыс өтті.

Аталған жиында сөз алған ҚМДБ қарасты Абай облысының бас имамы Асқар Мұқанов Қазақ халқы ғасырлар бойы күнделікті өмір тіршілігінде, соның ішінде адамның дүниеге келуі мен қайтыс болуына қатысты рухани-діни рәсімдерді орындауда мұсылманға тән мәдениетті ұстанып келе жатқанын айта келе, соңғы уақытта діни рәсімдердің шариат нормасына сай келмей, өзгерістерге ұшырай бастағанын тілге тиек етті.

“Қабір басына құлпытас ретінде орасан үлкен ескерткіштер мен зәулім қоршаулар орнату, ас берудегі ысырапшылдық қоғамның әртүрлі өкілдерінің, оның ішінде ақсақалдар мен дін мамандары тарапынан жиі-жиі сынға ұшырауда. Қала берді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына шағым түсуде. Халыққа үндеу жолдап, аталмыш рәсімдердің шариғатқа сай орындалуын жеткізіп, зират тұрғызу мен зиярат жасаудың, кесене салудың жалпыға ортақ, біріңғай мәдениетін қалыптастыру үшін әрі облысымыздың барлық өңірлерінде сол талап бойынша орындалса дейміз” деді бас имам.

2020 жылы ҚМДБ-ның «Ас беру мәдениеті» мен «Зират және зиярат» құжаты негізінде зират көтеру жайлы шариаттың үкімін келтіреді.

Мәселен біріншіден қабірдің тереңдігі- 1м. 80 см. Ені-1м. Ұзындығы- 2м. 20см.

2. Қабірге жерленген кісінің кім екендігін айқындау мақсатында және жүргіншілер тарапынан тапталып, аяқ асты болмауы үшін оған шағын белгі (құлпытас) қоюға рұқсат. Қабірге биіктігі 1 метр, ал ені 50 сантиметрден аспайтын құлпытас қою, құлпытасқа марқұмның толық аты-жөнін, туған және қайтыс болған күндерін жазу.

3. Жерлеу орындарында зәулім ескерткіш немесе биік күмбез орнатуға, мешіт, медресе, құлшылық ету орындарын тұрғызуға болмайды. 6. Құлпытасқа марқұмның суретін қоюға рұқсат етілмейді.

7. Қабір басындағы бұрын жасалып қойған құрылыстарды бұзудың қажеті жоқ.

8. Қабір көтеруге кететін шығынды тірілерге жұмсау – әлдеқайда сауапты.

9. Тазалықты сақтау, зират маңын ластамау, қоқыс тастамау, темекі шегу, насыбай ату сынды кереғар әрекеттерге тиым салынған.

Сондай-ақ жиында зиялы қауым өкілдері бүгінгі таңда ас беру мәдениетінде орын алып жатқан кереғар әрекеттерге тоқталып, марқұм болған отбасының дүниеден өткен жақынын емес, келген адамға қалай дастархан жайып, асқа ерекше көңіл бөлініп келе жатқаны, жағдайы төмен отбасылар тіпті қарыз немесе банктен несие алатын жағдайларда кездесіп жатқанын айтып өтті.

Шариат үкімі бойынша ысырапшылдыққа жол берілмеуі керек, - дейді Асқар Мұқанов. “Марқұмның атынан ас берілгенде, негізгі ниет – бір Алланың разылығын ғана табу болуы тиіс. Одан өзге ниет – астың сауабын кемітеді. Осы орайда халықтың жағдайы мен қоғамдық пікірді ескере отырып, ас мәзірін ұсынып отырмыз. Онда ет, күріш, шөлпек, бауырсақ, құрт, ірімшік, қоспа, талқан, май, қатық, қант, науат, құрма, өрік, мейіз шәй. Аталған ас мәзірін марқұмды еске алу барлық хатымдарында қолдануға, осы шаралардың орындалуына ат салысуға шақырамыз” деді Абай облысының бас имамы.

Демек, дүниеден өткен адамға зәулім зират тұрғызып, аста төк дастархан жайып ас беру шариатқа қайшы амал болып табылмақ. Сайып келгенде, өлім бізді ысырапшылдыққа тәрбиелемеуі керек.

Қуаныш Рахметоллаұлы,
журналист.

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ-ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

Халықтың қауқары аз тобы үшін, олардың қажеттіктерін есепке ала отырып, кедергісіз орта құру мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні облыста және біздің ауданда халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін объектілерге қолжетімдігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. 2022 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аумағында әлеуметтік маңызы бар 13 нысанды бейімдеу жоспарланды. Жылдың басынан бастап халықтың қауқары аз топтары үшін кедергісіз орта құру мақсатында бейімдеудің жоспар-кестесін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Оның үстіне, қолжетімділік деңгейін бағалау үшін мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына баруды жүзеге асыратын мониторингтік топ құрылды. Бейімдеудің сапасы мәні бойынша бекітілген бару кестелері аясында мониторинг жүргізіледі, тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою туралы ұсынымдар берілетін болады.

Бейімдеу жұмыстарын жүргізген сайын объектілерге қолжетімдік туралы ақпарат интерактивті қолжетімдік картасына енгізіліп отырады.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының «Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету» 25-бабы негізінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мүгедектігі бар адамдарға ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, темір жол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен

жүріп-тұруына ұлттық стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзу» 83-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес:

- Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын:

1) мүгедектердің әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етпеу;

2) мүгедектердің мәдени ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу

3) жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді жұмыс берушінің сақтамауы түрінде жасалған бұзушылық –лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

- осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) – лауазымды адамдарға – сексен, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ольга ДУЖНИК,

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

• ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТЕЗИСТЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі әрбір облыс және Республикалық маңызы бар қала үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын әзірледі. Бұл процестердің ашық болмауына, әкімшілік кедергілердің болуына, шенеуніктердің асықпауына немесе озбырлығына, заңнаманың жетілдірілмеуіне байланысты шешімін таппайтын көкейкесті мәселелердің тізбесі. Нәтижесінде, осы негізде жемқорлық схемалары және қолданыстағы нормалар мен ережелердің пердесімен жабылған мәселелерді заңсыз шешу мүмкіндіктері пайда болады. Агенттік Төрағасының айтуынша, бұл тәуекелдер картасы нақты өңірдегі аумақтық органдардың жұмысы үшін бағдар болуы тиіс.

Бұл карта қызмет жұмысының сапасын бағалау жүйесінің негізі болады.

1. Ішкі бағалау – қабылданған шаралардың тереңдігі мен толықтығы. Сонымен қатар, қызметкерлердің кәсібилігі мен пайдалы жүктемеге баға берілетін болады.

2. Қоғамдық бақылау – өңірдегі нақты басшы қызметінің сыбайлас жемқорлықты жоюға және «проблемалық» аймақтарды жоюға әсері. Мұнда бағалау құралы халық, бизнес, ҰЕҰ сауалнамалары болады. Жалпы алғанда, Департамент басшысының нақты бағалауы, ол өз жұмысын жеңе ме, жоқ па деген түсінік береді. «Басшы өңірдегі әлеуметтік маңызы бар проблемаларды негізге алып, оларды шешу бойынша тиімді шараларды ұсынуы және іске асыруы тиіс. Басты критерий - нәтижелер өңірдің азаматтары мен кәсіпкерлері үшін маңызды және пайдалы болуы», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бағалаудың тағы бір критерийі – ұтымсыз немесе қылмыстық пайдалануға жол берілмейтін нақты ақша сомасы. Сонымен қатар, бұл тәсіл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті әлсіретпейді, керісінше, алдын-ала жұмыс істей отырып, тиімді әрекет етуге бағытталған. «Біз алдын ала анықталған тәуекелдер туралы өңір әкімі мен бейінді министрлікті хабардар етеміз және объектіні сапалы және уақтылы салуға және пайдалануға беруге қол жеткіземіз. Бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік қызметшілер мен мердігерлер, жасалған әрекеттің ауырлығына байланысты тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық тәртіппен жазаланады», - деді Антикорт басшысы. Бұл ретте жазаның бұлтартпастығы қағидатын ешкім жоққа шығармайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде қызметкерлерді мансаптық жоғарылату меритократия қағидаты бойынша жүргізіледі. Соңғы үш айда 57 қызметкер жоғары кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін көрсеткені үшін басшы лауазымдарға ұсынылды. Құқық қорғау органдары академиясында алғаш рет 50 жас маман 6 айлық оқуын аяқтады. Жақын арада олар қызметке тағайындалады. Жеке құрамның тазалығына ерекше көңіл бөлінеді.

«Антикор қызметкерлерінің моральдық және кәсіби келбеті мінсіз болуы керек. Қоғам тарапынан сынға себеп болмауы керек. Қызметкерлердің заңға қайшы және әдепке жат қылықтары туралы кез келген қарама-қайшылықтары менің жеке бақылауымда болады», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Ағымдағы жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 2 қызметкер сотталды. Тәртіптік жауапкершілікке 142 қызметкер тартылды, оның бесеуі теріс себептермен босатылды. Бұл мәселеде «біз түбегейлі және қатаң ұстанымды ұстанамыз». Жақын арада Агенттік өз қызметкерлеріне қатысты Integrity Check жемқорлыққа төзбеушілікке тексеру тетігін пилоттық апробациялау басталады.

«Менің ойымша, біз осы ұсыныстың бастамашысы ретінде өзімізден бастаймыз. Жаңа тәсілдерді қолдана отырып, өз қатарларымыздың тазалығын қамтамасыз ететін боламыз», - деді Антикорт басшысы.

Бағалау жүйесін талдау көрсеткіштер массасында ең бастысы - азаматтардың біздің жұмысымыздан қанағаттануы жоқ екенін көрсетті.


«Адамдарға жақсы баспана мен жол керек. Қол жетімді жер және ауыз су. Сапалы білім және медицина. Әділ сот және қауіпсіз өмір сүру ортасы. Ал біз мұның бәрін естімей, «әдемі» статистика үшін жұмыс істеуді жалғастыра берудеміз», - деп атап өтті Агенттік Төрағасы.

Олжас Бектенов сондай-ақ, ешқандай цифрлар сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жұмыстың тиімділігін толық көрсете алмайтынын айтты.

Мемлекет басшысы статистикалық көрсеткіштерге шамадан тыс әуестену туралы бірнеше рет айтқан болатын. «Арифметикалық көрсеткішпен» батыл кету талап етіледі және мемлекеттік аппараттың алдына азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету сынды бір мақсат қойылады.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі.

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БОЙТҰМАРЫ- ДОМБЫРА



Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы әрі ұлы аспабы домбыра екендігі сөзсіз. «Қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары». Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр. Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі шекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі. Домбыраның тарихына тоқталатын болсақ, XIX – ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздары сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды. Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған. Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа сияқты даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы Домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Ә. Хасенов, Науша Қашағанов, Махамбет Бөкейхановтар, Төлеген Момбеков, Мағауия Хамзин, Қ. Жантілеуов, С. Балмағанбетов, Л. Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қаршыға Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Бекболат Тілеуханов және тағы басқалар.

Домбыра – тек күй тартуға емес, ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев т.б. белгілі әншілер домбыраның әнге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді. Домбыра қазақтың 7 ұлттық қазынасының бірі десек те болады. 2007 жылы отандық ғалымдар мемлекет пен халықтың рухани дамуына, соның ішінде қалыптасуына ықпал еткен 7 ерекше мәдени құбылысты анықтаған. Бұл тізімге домбыра, Тамғалы шатқалында тасқа салынған суреттер, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Маңғыстаудағы жерасты мешіттер, қазақтың киіз үйі, «Бәйтерек» монументі, Есікте табылған «Алтын адам» кірді. 2010 жылы домбыра Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді.

Тұңғыш Президенттің шешімімен бірінші шілде Ұлттық домбыра күні болып жарияланды. Жыл сайын атап өтілмек бұл мерекелік күннің ұлттық рухани-ятымызға қосар үлесі салмақты болмақ. «Бұл - еліміз үшін ерекше мейрам. Оны ел болып атап өту арқылы халқымыздың рухын көтеріп, танымын арттырамыз. Сондай-ақ, ұлы дала дәстүрлерін жас ұрпақтың санасы сіңіріп, төл өнеріміздің құдыретін таныймыз». Қазақ халқы домбырасы көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған. Құрметті оқырмандар! Сіздерді қастиятты домбыра күнімен, ұлтымызды ұлықтайтын қасиетті мерекемен құттықтаймын!

Байменова Сапарай Мұхтарханқызы,
Тайынша аудандық кітапханасының кітапханашысы.

МАСКАҒА ҚАЙТА ОРАЛУЫМЫЗ МҮМКІН

Шілде айының бірінші онкүндігіндегі мәлімет бойынша, соңғы тәулікте елімізде 360 адам коронавирус инфекциясын жұқтырды. Жалпы, бірнеше күн бойы елімізде коронавирус жұқтыру деректері артып келеді. Соңғы күндері бұл көрсеткіш бірден 20 есеге көбейген. Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният өз сөзінде елімізде маусым айының ортасынан бастап коронавирус инфекциясын жұқтырғандар санының артқанын атап өтті.

«Науқастар саны көбейсе, маска тағу режиміне қайта оралуымыз мүмкін. Науқастар саны артып келеді, сондықтан мәселе жоқ емес, бар. Карантин талаптарын күшейту мәселесін ведомствоаралық комиссияның отырысында көтеріміз. Тек қана маска тағу жөнінде емес, жалпы шаралар туралы», - деп еді бұл туралы Үкімет басшысының орынбасары Е. Тоғжанов.

COVID-19-дың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мәліметінше, 27 маусымда сырқаттанушылықтың тәуліктік өсуі 61 жағдайды құраса, 5 шілдеде 187 дерекке көбейді. «Аурушандық көрсеткішінің жоғарылау тенденциясы ревакцинация қарқынының төмендеуімен байланысты. Коронавирусқа қарсы мүлде екпе алмаған тұрғындар қатары да аз емес. Индетке шалдығу жағдайларының 80%-ға жуығы вакцинацияланбаған немесе соңғы иммунизациядан кейін 6 айдан астам уақыт өткен адамдар үлесінде. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті бұған дейін азаматтардың ревакцинациядан өтуден бас тартуына байланысты сырқаттанушылықтың өсу қаупі туралы ескерткен болатын», - деп хабарлады комиссия. Айта кетейік, ел бойынша барлығы 10,4 млн адам COVID-19 вирусына қарсы егілді. 4,8 млн адам қайта вакцинацияланды. Статистика көрсетіп отырғандай, ревакцинация қарқыны 2 есе төмендеген. Бүгінгі таңда елімізде вакциналардың жеткілікті қоры бар. Халықты иммундау отандық QazVac, қытайлық Vero Cell және америкалық «Pfizer» препараттарымен жүргізіледі. Эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес Алматы қаласы «сары» аймақта. «Қазір дүние-ежүзінде 130-дан аса мемлекетте коронавирустың өсуі байқалуда. Оны өздеріңіз де көріп отырсыздар. Оның ішінде коронавирус 100 пайыз, тіпті 235 пайыз артқан елдер де бар. Сондықтан біз оның бәрін ескеруге міндеттіміз. Қазақстан - бөлек жатқан ел емес, қалған елдермен қарым-қатынастамыз. Қазақстандағы соңғы бір айдағы өсудің өзі осындай шараларды қабылдауға бізді мәжбүрлеп отыр деп айтсам артық емес. Қазір тек Алматы қаласы ғана «сары» аймаққа өтті, қалған өңірлердің бәрі «жасыл» аймақта. Сондықтан шараларды алдын ала қабылдап жатырмыз. «Қызыл» аймаққа өтсек, ондағы талаптарды да өте жақсы білесіздер. Әсіресе үлкен ірі шараларды өткізуге шектеу шараларын жақсы білесіздер, оны пайдалануға міндеттіміз. Ал оған дейін өзіміз де маскада тұрмыз, бұл - аурудың алдын алу үшін халыққа берілген ұсыным, бұл ұсынымды халық дұрыс қабылдайды деп ойлаймыз», - деді Ералы Тоғжанов. Коронавирус инфекциясының тарауына байланысты Ведомствоаралық комиссияның 2022 жылғы 1 шілдедегі шешіміне сәйкес, санитариялық-профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу мақсатында Көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің биылғы 8 шілдесінен бастап күшіне енетін «Көлік объектілерінде коронавирус инфекциясы бойынша санитарлық-профилактикалық және санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу туралы» қаулысы қабылданды. Аталмыш құжатқа сәйкес тұрақты жолаушылар тасымалын (әуе, су, темір жол, метрополитен) жүзеге асыратын ұйымдар көлік құралдарындағы ауа баптау, желдету жүйелеріне тексеру жүргізуді және желдеткіш сүзгілерін ауыстыруды; мамандандырылған көлік құралдарын (перрондық автобустарды) қоспағанда, көлік құралына жолаушыларды орындардың санынан аспайтын мөлшерде отырғызу; көлік құралының салонын желдету, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, салонды ылғалды тазалау және ауысым аяқталғаннан кейін қоғамдық көліктерге дезинфекция жүргізуді қамтамасыз ету талап етіледі.

Бұл ретте жолаушыларға әуежайлардың, вокзалдардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің ғимараттарында, қоғамдық көлікте жүргенде бетперде кию ұсынылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі ақпараттары

• Баспасөз – 2022 • Баспасөз – 2022 • Баспасөз – 2022

ӘР ШАҢЫРАҚҚА - «Тайынша таңы» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!



«Тайынша таңы – әр шаңыраққа» деген бастамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен сенім артамыз. Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге, жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге газеттің екінші жартжылдығына

жазылу жалғасып, жүріп жатқанын хабарлаймыз. Қала тұрғындары үшін газетке 6 айға жазылу құны - 780 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 870 теңге.

Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын болса, редакциямызға 23-8-51, 23-6-96 телефоны арқылы хабарласыңыздар.



АЛАЯҚТЫҚПЕН АЙНАЛЫСАТЫН САЙТТАР

МЕН МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАР

Ұлттық Банк алаяқтықпен айналысатын сайттардың көбейгенін ескертеді. Олар өзін жеке инвестиция тарту үшін Ұлттық Банк әзірлеген бағдарлама ретінде таныстырады. Ондай «бағдарламалардың» кейбірінде мобильдік қосымша да бар.

Анықталған ресурстарда «Мемлекеттің алтын-валют қорынан» немесе «Қазақстанның ұлттық ресурстарынан» түсетін кірісті бағдарламаға қатысушылардың пайдасына бөлу туралы жалған ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, Ұлттық Банк басшылығының, оның ішінде бұрынғы басшылардың атынан шындыққа сәйкес келмейтін мәлімдемелер, қолданыста жоқ лицензиялардың нөмірлері, жалған құқық белгілейтін құжаттардың скан-көшірмелері де берілген.

Мұндай ресурстарда алаяқтық әрекеттердің белгісі анық білінеді, өйткені:

- Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жасамайды;

- Ұлттық Банк «Мемлекеттік қорлардан» пайда табу үшін қандай да бір платформаларды әзірлеуге қатыспайды;

- Байланыс құралы туралы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында тіркелген құқық белгілейтін құжаттар немесе тиісті лицензиялар көрсетілмеген (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының лицензиялары бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында «Қаржы нарығы» бөлімінде жарияланған).

Түптеп келгенде мұндай фейк сайттардың мақсаты – кездейсоқ интернет-пайдаланушының жеке деректерін жинау және ақша ұрлау.

Ұлттық Банк мұндай жарнамаларды елемеге, керісінше, бұл контентті алаяқтық деп белгілеуге, ал жеке ақпараттың тарап кетуіне жол берілген жағдайда алаяқтық фактісі бойынша іс тексерілуі үшін тиісті өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес береді.

Толық ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (7172) 77-52-05, e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР

Жыл санап цифрлық жобалар күнделікті өмірге дендеп келеді. Қазіргі таңда үйден шықпай-ақ көп істің басын қайыруға болады. Айталық, электронды үкімет порталы арқылы қажетті анықтамаларды жүктеуге, түрлі мобильді қосымшалар арқылы дәрігерлердің қабылдауына жазылуға мүмкіндік бар. Тіпті, балабақшаға кезекке тұру мен 1-сыныпқа қабылдау туралы өтініштер электронды түрде қабылданады. Десе де, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін әлі де тың цифрлық жобалар қажет. Осы мақсатта өңірде жобаларды қабылдап, қарастырып, кейін үздіктерін електен өткізетін арнайы сайт іске қосылды. Оның жұмыс барысы мен байқауға қатысушыларға қойылатын талап өте жоғары.

- Аталмыш сайт наурыз айында іске қосылып, бүгінде цифрлық жобаларды іске асыру алаңына айналып үлгерді. Мұнда білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және тағы басқа көптеген салаға қатысты жаңа идеялар, тың көзқарастарды қаузаған жобалар қабылданады.

Бұл жаңашылдық күн сайын өзгеріп жатқан жанандық желінің мүмкіндіктеріне ілесу үшін қажет. Тұрғындардың сұраныстарына сәйкес электронды қызмет түрлері түрленіп, бұрынғыдан да қолайлы болуы тиіс. Сондықтан осындай талаптарға сай келер цифрлық жобаларды іздеуге білек сыбана кірістік. Бізге экономиканың, өндірістің, жалпы қоғамның дамуына өзгерістер әкелетін электронды қызметтер қажет. Сондай-ақ, сол арқылы старт-ап жобаларды қолдамақ ниетіміз бар.

- Аталмыш сайтқа көкейде жүрген цифрлық жобаны жолдау үшін қайтпек керек?

- Алдымен DigitalErtis.kz сайтына кіріп, «Жобаны тіркеу» деген батырманы басып, мәліметтерді толтыру керек. Кейін портфوليوны жүктеп, сайтқа орналастыруы тиіс. Бұл ретте қатысушының жасы, таңдаған тақырыбы маңызды емес. Ұсынған идеясы қоғамға қажет, қызықты, өзекті әрі толымды болса жеткілікті. Олардың қатарынан үздіктері іріктеліп, қажет болса одан әрі толықтырылады. Қысқасы, сіз идея ұсынсаңыз, біз оны қарастырып, озығын таңдап, кейін бірге жүзеге асырамыз. Мұндай жобалар шын мәнінде қажет жобалар болып іріктеледі деген сенім мол.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА,
тілші.

9 сынып негізінде

Тайынша агробизнес колледжі



07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»

Біліктілігі:

Зw07161601 «Слесарь-жөндеуші»
Зw07161602 «Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері»
Зw07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»

Байланыс мәліметтер:

мекен-жайымыз: Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі, 261
тел: 8 (715-36) 23-0-90,
8 (715-36) 23-0-97
e-mail: Prof-licei@mail.ru
ресми сайты:
<http://college-tsh.sko.kz>

Біздің колледж өзіне сенімді, адамдар үшін, жетістікке жетуді қалайтындар үшін, жерде өз ізін қалдыратындар үшін!



07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану»

Біліктілігі:

Зw07320104 "кең бейінді құрылыс шебері"
ӨЗw07161605 "Әрлеу құрылыс жұмыстарының шебері"



10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

Біліктілігі:

Зw10130301 «Кондитер-декоратор»
Зw10130302 «Аспазшы»



«Тайынша агробизнес колледжі» КММ
Сіздерді оқуға шақырады!

Тайынша агробизнес колледжінде келесі мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары барын хабарлаймыз.

1. «Ауыл шаруашылығы өндірісі» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері-білімі: орта-арнайы, жоғары.

2. Шаруашылық меңгерушісі-білімі орта кәсіптік, орта-арнайы.

Байланыс телефоны: 23097.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда тіркеліп, №10803-Г күәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 232. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтіні хабарлама беруші автор өзі жауапты.